

Молдабекова А.Ш.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК САЛАСЫН
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Молдабеков А.Ш.

**ВОПРОСЫ ФИНАНСИРОВАНИЯ В ОТРАСЛИ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ И
СОЦИАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ**

Қай заманда да, қай қоғамда да мемлекеттің әл-ауқат дәрежесінің бір өлшемі-егде жастағы адамдардың, қариялардың және мемлекет көмегіне мәжбір халықтың хал-күйі. Біздің елімізде әлеуметтік қорғаудың үш деңгейден тұратын жүйесі қалыптасып, қазір жұмыс істеп тұр. Олар-мемлекет, жұмыс беруші және жұмысшы деңгейлері. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысы-мемлекет жауапкершілігі. Бұл ұғымның құрамына зейнетақымен қамтамасыз ету, мүгедектігі, асыраушысынан айырылғанда және жасына қарай берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек, әлеуметтік қызмет көрсету және көмектің басқа да түрлері кіреді.

«Әлеуметтік қамсыздандыру» түсінігін әртүрлі мағынада қолдануға болады. Біріншіден, әлеуметтік қамсыздандыру ретінде әкімшілік-биліктік қатынастардың ерекше нысаны түсіндіріледі. Екіншіден, бұл мемлекеттің функциясы. Үшіншіден, азаматтарды қартаюына, асыраушысынан айырылған жағдайда, еңбекке қабілетінен айырылуына және т.б. жағдайларға байланысты материалдық қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі және нысаны ретінде. Төртіншіден, құқық саласы ретінде. Бесіншіден, азаматтардың құқығы ретінде қолданылады.

Әлеуметтік қорғау- бұл жынысына қарамастан адамның әлеуметтік, экономикалық, саяси және өзге де құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет саясаты. Яғни, халықты әлеуметтік қорғау-бұл адамның жақсы өмір сүруін, оның қоғамның қазіргі кезгі даму стандартының деңгейінде материалдық қамсыздандырылуын және мәдени құндылықтарға қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған, мемлекетпен кепіл етілген және жүзеге асырылатын құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар жүйесі.

Әлеуметтік қамсыздандырудың субъектілеріне келесідей түрлерге бөлуге болады.:

1. - еңбекке қабілеттігі жоқ азаматтар:
 - зейнеткерлер, соның ішінде мүгедектер және жалғызбасты тұлғалар;
 - балалар, солардың ішінде жасөспірімдер.
2. еңбекке қабілетті жастағы азаматтар:
 - жұмыссыздар;
 - уақытша жұмыссыздар;
 - мүгедектер;
 - көпбалалы отбасылар;
 - тұрмыстық жағдайы төмен тұлғалар.

Әлеуметтік қамсыздандырудың экономикалық функциясы жасына, еңбекке қабілеттілігінен айырылуына немесе асыраушысынан айырылуына байланысты жалақыны немесе өзгеде табыстың

орнын толтырудан және тұрмыс жағдайы нашар тұлғаларға көмек көрсетуден көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың әлеуметтік функциясы әлеуметтік қорғалмаған, өзгені жәрдем көрсетуіне мұқтаж азаматтар санаттарына оларға қосымша қаржы бөлу жолымен көмек көрсетуден көрініс табады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың еңбек функциясы әлеуметтік қамсыздандырудың барлық түрлері үшін қаржының қайнар көзі болып осы қоғамдағы еңбек қатынастарының табылуынан көрініс табады. Олардың даму деңгейіне әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің барлық буындары тәуелді болады.

Әл еу метті к қамсызданды руды ң сау ы қтыру функциясы мүгедектер мен халықтың өзге де әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарының қоғамдық имәртебесін қалпына келтіру үшін қалыпты жағдайлар жасаудан көрініс табады. Бұл аталған тұлғалардың өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың демографиялық функциясы елдің халық санының көбеюін көтермелеуге бағытталған, Бұл мемлекеттің қалыпты дамуы үшін қажет.

Әлеуметтік қамсыздандырудың тиісті түрлері болып мыналар табылады:

- зейнетақылар, жәрдемақылар, өтемақылар;
- заттай көмек көрсету;
- процедуралық немесе іс жүргізушілік сипаттағы көмек..

Зейнетақының түрлері:

- жасына байланысты;
- мүгедектік бойынша;
- еңбек сіңірген жылдары бойынша;
- асыраушысынан айырылуына байланысты;
- әлеуметтік зейнетақылар.

Жасына байланысты зейнетақы-ретінде азаматтардың белгілі бір жасқа толған кезде және онда қажетті еңбек стажы болған жағдайда алатын зейнетақыны айтады. Еңбек зейнетақысын алуға құқық беретін жас және еңбек стажының ұзақтығы заңдарда анықталған. Яғни, жасына байланысты еңбек зейнетақысы - бұл зейнетақылық жасқа толған және белгілі бір ұзақтықтағы еңбек стажына ие тұлғалар үшін өмір сүрудің негізгі көзі болып табылатын, өмір бойы ай сайын төленетін ақшалай төлем.

Экономикалық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану мәселесіне келгенде, бұл бағыт бойынша Қазақстан Республикасы елеулі жетістіктерге қол жеткізгені әлемдік қауымдастыққа мәлім болып отыр. Қазіргі кезде Батыс елдері Қазақстан экономикасын нарықтық экономика ретінде тани бастады.

Нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесіне орай элеуметтік қорғау жүйесі мемлекеттік, мемлекеттік емес құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің көп жақты жауаптылығының негізінде құрылады. Алайда халықты элеуметтік қорғаудың сферасына «элеуметтік қамсыздандыру» мен «элеуметтік сақтандыру» терминдері сипатты болғанымен бұлар бара-бар ұғымдар емес. Элеуметтік қамсыздандыруды халықты элеуметтік қорғау процесі деп, ал элеуметтік сақтандыруды-осы процесі жүзеге асыру нысандарының бірі деп түсінген жөн.

Халықты элеуметтік қорғауға жұмсалатын шығыстар мемлекеттік шығыстарының жүйесінде үлкен орын алады. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында халықты элеуметтік қорғау басым бола бастайды және тұтыну тауарлары мен қызметтер көрсетуге бағаның өсуіне байланысты, сондай-ақ инфляцияның және ақшаның құнсыздануының нәтижесінде өседі.

Қаржы жүйесінің дербес буыны ретіндегі сақтандыру әдетте ойда болмаған және төтенше оқиғаға байланысты белгілі бір объектіні сақтандыру мен элеуметтік қамсыздандыру сияқты екі окшауланған нысанда іс-әрекет ететін? белгілі. Сақтандыру мәселесі, медициналық қоспағанда элеуметтік сақтандыру проблемаларымен-халықты элеуметтік қорғау жүйесімен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтарды жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған жалақы мен зейнетақы ең төменгі мөлшерде, элеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік береді.

Элеуметтік қорғаудың қаржылық тұлғалауы арнаулы ақша қорларын қалыптастырумен және пайдаланумен байланысты қайта бөлгіштік қатынастарда көрініп, білінеді, бұл қорлардан халыққа әр түрлі элеуметтік төлемақылар жасалынады.

Халықты элеуметтік қорғауға жұмсалатын шығыстар қаржы құжаттарында, жоспарларда, болжамдарда, есептерде элеуметтік қамсыздандыру және элеуметтік көмекке жұмсалатын шығыстар ретінде қамтып көрсетеді.

Элеуметтік мұқтаждарды қаржыландыруға арналған қаражаттарды қалыптастырудың үш әдісін бөліп көрсетуге болады: сақтық, бюджеттік, қайырымдылық жарналары (қайыр көрсету) әдістері.

Сақтық әдіс элеуметтік төлемақылардың түрлерін қаржыландыру үшін қайта бөлу арналары бойынша қызмет көлемін белгілі бір мөлшерде аударылатын қаражаттарды қажет етеді.

Бюджеттік әдіс кезінде қаражаттар ақша ресурстарының жалпы мемлекеттік қорынан мемлекеттің мүмкіндігімен және элеуметтік және бюджет саясатының мақсаттарымен анықталатын деңгейде бөлінеді.

Қайырымдылық жарналары (қайыр көрсету) әдісі кезінде қаражаттардың тіркелген мөлшерлері болмайды және арналар бойынша олардың түсуіне қарай қайырымдылық жарналарын іске асыратын ұйымдар анықтайтын мақсаттарға жұмсалады.

Ең төменгі элеуметтік төлемақылар мөлшерін есептеудің негізгі орта есеппен жан басына шаққандағы тұтыну бюджетінің мөлшері болып табылады. Бұл үшін негізгі тамақ өнімдері, киім-кешек, дәрі-дәрмек, отын бойынша, отбасына қажет қызметтер жиынының ең төмен тұтыну қоржынының құны мен құрамы есептеп шығарылады. Ең төмен тұтыну бюджеттің мөлшері бағалар деңгейінің өзгеруімен байланысты мезгіл-мезгіл қайта қаралып тұрады және уәкілетті орган қайта бекітеді.

Элеуметтік шығыстар зейнетақы төлеудің Мемлекеттік орталығы, қазіргі кезде мемлекеттік бюджетте қамтылған Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры, элеуметтік қорлар немесе шаруашылық субъектілерінің тұтыу қорлары арқылы жүзеге асырылады. Төлемақыларды халықты элеуметтік қорғау органдары, шаруашылық субъектілері, өндірістік емес сфера ұйымдары жасап жүргізеді. Кәсіпорындар мен ұйымдарда элеуметтік сақтандыруды кәсіподақ комитеттері қадағалап отырады,

Нарықтық экономика жағдайында элеуметтік салаларды қаржыландырудың маңызды бағыты мемлекеттік элеуметтік-мәдени шараларға оқу-ағартуға, ақпараттық қызметтер көрсетуге (баспасөз, радио хабарын тарату және теледидар), мәдениетке, өнерге, денсаулық сақтауға, дене шынықтыру мен спортқа, мемлекеттік элеуметтік сақтандыру мен элеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру болып табылады.

Нарықтық қатынастар жағдайында тұтынудың бұрын қалыптасқан қоғамдық қорлардан элеуметтік мәдени шараларға жұмсалатын шығыстарды қаржыландырудағы бас тарту болды. Нарық жағдайында еңбек салымша, қаракеттің әр түріндегі адамның мүмкіндіктеріне қарай тұтыну мөлшерінің тура тәуелділігі қалыптасады. Сондықтан қазіргі жағдайда жеке-дара табыстар адамдардың кәсіпкерлік және басқа қабілеттіктеріне қарай қалыптасады, сонымен бірге орталықтандырылмаған қорлар көбейді, өйткені шаруашылық органдарының қарамағында олардың жұмысының нәтижелеріне қарай табыстың бір бөлігі қалады.

Соңғы жылдары елімізде элеуметтік-мәдени шараларды қаржыландырудың жаңа қағидалары енгізілді: элеуметтік сфераның мекемелері ішінара қаржыландырудың шаруашылық есеп негіздеріне, сақтандырудың қағидаларына көшуде. Білім беру сферасында - бұл кепілдендірілген бюджеттік нормаларға қосымша білім және кәсіби машық үшін ақылы оқуды қолдану, денсаулық сақтауда-ақылы медициналық қызмет көрсетуді дамыту.

Білім беруге жұмсалатын шығыстар мектепке дейінгі ұйымдарға, жалпы білім беретін мектептерге, мектептен тыс ұйымдарға, даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға, тәрбиеленушілерге арналған арнаулы (түзету) білім беру ұйымдарына, бастауыш кәсіптік білім беру орындарына, жоғары кәсіптік білім беру орындарына, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау оқу орындарына бөлінеді. Аталған барлық шығыстар мемлекет кепілдендіретін деңгей бөлігінде бюджет ресурстары есебінен жабылады. Білім беру мекемелерін қаржыландыру бұл мекемелердің түрлері мен тұрпаты бойынша әр

оқушыға анықталатын мемлекеттік нормативтерге сәкес жүзеге асырылады.

Білім беру мекемелері бюджеттен тыс қаражаттарды және ресурстарды, соның ішінде валюталық ресурстарды, ақылы оқыту қызметтерін көрсету есебінен тартады; қаражаттардың бір бөлігін кәсіпорындар мен ұйымдар-демеушілер береді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес гранттар және кредиттер негізінде жоғары білім беруді қаржыландыру жаңа механизмі қолданылды: бірінші жағдайда қаражаттар қажетті профилдің мамандарын даярлау үшін мемлекеттік бюджет есебінен өтеусіз бөлінеді, екіншісінде оқитындарға келісімшарт негізінде комерциялық банк құрылымдары тарапынан ұзақ мерзімді кредит беріледі

Мәдениет пен өнерді қаржыландыру кітапханаларды, клубтарды, мәдениет үйлерін, мұражайлар мен көрмелерді, театрларды, филармонияларды, сазгерлік ұйымдарды, ансамблдерді, киностудияларды ұстауды қамтиды; олар бюджеттен, сондай-ақ

кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың қаражаттары есебінен қаржыландырылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарын ұстауға жұмсалатын шығыстар мемлекет құрылтайшысы болып келетін мемлекеттік радио хабарын таратуды, теледидарды, баспаларды, газет-журналдарды қаржыландыруға бағытталады.

Қ.Р Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Жаңа он жылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауында өмір саласын жақсарту және элеуметтік қорғау мәселесінде азаматтардың өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, тұрақтылық пен қорғауды нығайту жолдары қарастырылған. Ел халқы санының 2020 жылы 10 пайызға өсуі үшін мемлекет барлық қажетті жағдайларды жасайтынын атап көрсетті.

Біздің мемлекеттік элеуметтік сясатымыздағы басты басымдық халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Рецензент: д.э.н., профессор Мусакожоев Ш.М.